

**Бейнекамера барлық мектепке орнатылады**

Үкімет басшысының орынбасары Бердібек Сапарбаев мектептердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық мектепке видеокамера орнатылатынын мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Біз 2020-2025 жылдарға арналған білім саласын дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама қабылдадық. Оның негізгі міндеті – білім сапасын арттыру. Осы уақытта біз 3 жас пен 6 жас аралығындағы балаларды балабақшамен 100 пайыз қамтамасыз етеміз. Ауыл мен қаланың арасындағы айырмашылықты азайтамыз. Апаттық жағдайдағы 121 мектеп пен үш ауысымдағы 37 мектептің бәрін жоямыз. Оған қосымша елді мекендерге интернаттар саламыз. 200-ден астам мектепте спорзалдар пайда болады», - деді Бердібек Сапарбаев ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында.

Үкімет басшысының орынбасарының айтуынша, жоғарғы білім саласына бөлінетін қаржы 2 есе, ғылымға берілетін қаржы 7 есе өседі.

«Кейінгі кезде Үкіметке ЖОО-лардың сапасының нашарлығы бойынша сын айтылып жүр. Білім орындарының көбі жекеменшік. Былтыр жыл соңында Үкіметтің комиссиясы құрылды. Жақында ғана отырысын өткіздік. Қазір 7 жоғары оқу орнын біріктіру жөнінде тапсырма берілді. Әрине, сонымен бірге біз үшін ең үлкен сұрақ – балалардың, мектептердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, соған жағдай жасау. Ол үшін біз бірінші қыркүйекке дейін барлық мектептерді бейнебақылаумен қамтамасыз етеміз», - деді Бердібек Сапарбаев.

**Сертификат табыстады**

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлттаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ бұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаз жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек», - деп нақты әрі жүйелі жұмыс жүргізуді тапсырған болатын.

Осы мәселеде ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы мен «Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығы ынтымақтаса отырып, жақсы нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Яғни, қызметкерлерге жұмыс орындарынан шықпай-ақ мемлекеттік тілді меңгеріп алуы үшін жағдай жасалған. Себебі, Орталықтың тіл мамандары осында келіп сабақтар жүргізеді және курстың соңында емтихан алып, білімін растаған тыңдаушыларға сертификаттар табыстайды.

2020 жылдың 10 қаңтары күнгі өткен жылдың қорытындысы бойынша сертификат тапсыру рәсімінде Академияның 15 қызметкері сертификат алды. Олар – В1 деңгейі бойынша мемлекеттік тілді оқу курсына толық аяқтағандар.

Салтанатты шарада Қостанай облысы Тілдерді дамыту басқармасының басшысы Г. Мендекинова сөз сөйлеп, мемлекеттік тілді оқытуға ерекше үлес қосқан ұстаздар мен курсты ойдағыдай тәмамдаған тыңдаушыларды марапаттады. Оның ішінде біздің қызметкерлерімізге сабақ беретін білікті ұстаз Гүлмира Крикпеннова мен аталған курсты табысты аяқтаған полиция аға лейтенанты Салтанат Ержанова да бар.

Басқармадан Алғысхат алған Салтанат: «Белгілі бір себептерге байланысты, орта мектепте, одан әрі жоғары оқу орнында орыс тілінде білім алуға тура келді. Бұл ана тілін жетік білуіме кері әсерін тигізбей қоймады. Осы олқылықтың орнын толтырудың сәті Академияға қызметке тұрған соң туды. Ойланбастан қазақ тілін оқыту курсына жазылдым. Аптасына екі рет болатын сабаққа қызыға қатысып жүрдім. Соның нәтижесінде мемлекеттік тілді орта деңгейде меңгергенім растайтын сертификатқа ие болдым. Осындай қолайлы жағдай жасағаны үшін Академия басшылығына алғыс білдіремін», - деп ағынан жарылды.

Осылайша, оқу ордасында мемлекеттік тілді меңгерген қызметкерлердің саны 15 адамға артты. Бұл – оқу ордасы мен тілдерді оқыту орталығының бірігіп жұмыс істеуі арқасында мүмкін болып отыр. Осы мақсаттағы игі істер алдағы уақытта да өзінің жалғасын таба бермек.

**Қ. ЕЛМҰРАТОВ,**  
**ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы**  
**Қостанай академиясының**  
**ІСКБ бастығы**

**Бағдарламаға бірқатар өзгерістер енгізілді**

Соңғы жылдары халықты жұмыспен қамту мәселесіне айрықша назар аударыла бастады. Бұл орайда «Еңбек» бағдарламасының маңызы зор болса керек.

Жақында облыс әкімдігінде өңір басшысы Архимед Мұхамбетовтің қатысуымен өткен кеңесте осы мәселе кеңінен тәртіпті. Кеңес барысында бағдарламаны іске асырудың төрт бағыты бойынша 2019 жылы атқарылған шаралар қорытындыланып, 2020 жылға арналған жаңа міндеттер айқындалды.

Осы кеңесте алғатартылған деректерге сүйенсек, былтыр өңірімізде «Еңбек» бағдарламасы аясында 32 мың адам жұмыспен қамту шараларына тартылған. Жалпы саны 22,5 мың адам жұмыспен қамтылып, оның 17 мыңға жуығы тұрақты жұмыс тапқан. Төрт мыңнан астам адам «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша білім алып, 769 тұрғын жаңа бизнес бастамаларын іске асыру үшін мемлекеттік грант қаржысына қол жеткізген. Мыңға жуық адам жеке кәсіп ашып, бизнесін кеңейту мақсатында кредит алған көрінеді.

Биылдан бастап, яғни 2020 жылы аталмыш бағдарламаға бірқатар өзгерістер енгізіліп отыр. Ең бастысы, биыл «Еңбек» бағдарламасына бөлінетін қаржы көлемі едәуір өсті. Мысалы, былтыр аталмыш бағдарлама бойынша облыста 7,6 млрд теңге игерілсе, биыл бұл мақсатқа 8,4 млрд теңге қарастырылған. Мұның сыртында, биылғы «Еңбек» бағдарламасы бойынша көпбалалы аналарды кәсіпке тарту көзделіп отыр. Сондай-ақ жұмыс берушілердің сұранысы бойынша кадр даярлау мәселесі де қолға алынбақ. Жұмыс берушінің өтініші бойынша кәсіби білім беруді ұйымдастыру барысында 4 тарапты әлеуметтік келісімшарт жасасатын болады. Бұл құжат тараптарға нақты әрі жауапты міндеттер жүктейді. Егер мемлекеттің оқуға бөлген қаржысы тиімсіз жұмсалатын болса, желге ұшқан ақша жұмыс беруші мен бағдарламаға қатысушыдан қайтадан өндіріліп алынатын болады.

Осы орайда, «Еңбек» бағдарламасына қатысты тағы бір жаңалықты айта кеткен жөн. Яғни биылдан бастап нарықта сұранысқа ие мамандықтарды оқыту үшін

азаматтарға мақсатты ваучер ұсыну қарастырылған. Бұл құнды қағаз талапкерлерге өзі білім алғысы келетін оқу ошағын, білім мазмұны мен мерзімін таңдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, білім алуға, шекіртақыға, материалдық көмекке, адамның жүріс-тұрысы мен жатын-орнына, тіпті медициналық тексеруден өтуіне дейін жұмсалатын шығынның барлығын ваучер көтеріп алады.

Бұған дейін көпбалалы отбасылар мен аз қамтылған жеңілдетілген кредит мерзімі 5 жыл болып келсе, биылдан бастап бұл мерзім 7 жылға дейін ұзарды. Бұл санатағы азаматтар 4% өсімпұлмен 21 млн теңгеге дейін жеңілдетілген кредит ала алады. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқып шыққан көпбалалы немесе аз қамтылған отбасы мүшелеріне олар әрі қарай кәсібін дөңгелетіп әкеткенше, 18 айға дейін бақылауда болып, демеу көрсетіледі.

Ал, «Бірінші жұмыс орны» деп аталатын тың жоба тіптен соны. Биылдан бастап жастарға арналған осы жоба қолға алынды. Жаңа жоба жастардың еңбек нарығындағы бәсекеге

қабілеттілігін арттыруды және жұмыс тәжірибесі жоқ азаматтардың алғашқы жұмыс орнына тез бейімделіп кетуін көздейді. Яғни, жұмыс беруші еңбекпен қамту орталығымен келісім-шарт жасасып, осы құжат негізінде «Еңбек» бағдарламасына қатысушының бірін тұрақты жұмысқа алады. Одан кейін орталық бағдарламаға қатысушының еңбекақысы ретінде 53 мың теңге көлемінде субсидия төлейді.

Тағы бір жаңалық, «Еңбек» бағдарламасы аясында қолға алынған жаңа жобаның бірі «Ұрпақтар келісімі» деп аталады. Бұл жоба бойынша жұмыс беруші бағдарламаға қатысушыны бір жарым жылдық мерзімге жұмысқа алады. Ол осы 1 жарым жыл ішінде зейнет демалысына кететін жұмысшының орнына тұрақтап қалуы тиіс. Бұл жерде де жобаға қатысушының еңбекақысына Жұмыспен қамту орталығы 53 мың теңге көлемінде субсидия төлейді.

Міне, еңбекпен қамтудағы осындай жаңалықтардың жұртшылыққа да, елге де тигізер көмек-пайдасы мол болсын деген тілек бар...

**Жыл соңындағы кеңесте талқыланды**

Былтырғы жылдың соңғы күндерінің бірінде «ҚТЖ» - Жүк тасымалы» АҚ-да бас директоры - басқарма төрағасы К.С. Саурбаевтың төрағалығымен кеңес өткізілді.

Кеңеске ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі агенттігі Қостанай облысы бойынша департаментінің басшысы К.Б. Бекпасов, Қостанай станциясындағы ЖПБ бастығы полиция полковнигі А.Б. Исин, «Нұр Отан» партиясы Қостанай облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Э.К. Кузенбаев, Қостанай облысының «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының директоры М.Т. Абенев, «Қостанай облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы» РАБ басшысы Ж.К. Арапбаев және басқа да ЖШС өкілдері қатысты.

Кеңестің күн тәртібінде еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасындағы өзгерістер, теміржол көлігі кәсіпорындарында сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын енгізу және ағымдағы жоспарларын орындау мәселелері қаралды.

Қостанай өңірлік филиалының барлық теміржол кәсіпорындарының өкілдерімен кездесудің мақсаты - «ҚТЖ-Жүк тасымалы» акционерлік қоғамының «ЖТ Қостанай бөлімшесі» филиалының 2019 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысының қорытындыларын шығару, филиал басшылығы жол берген сыбайлас жемқорлық қылмыстарының фактілері болып табылады.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» акционерлік қоғамының бас директоры - басқарма төрағасы Саурбаев Қайрат Әбенұлы қатысушыларға ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына енгізілген түзетулер туралы, оларға сәйкес мемлекеттік органдарының басшыларына, к в а з и м е л к е т т і к к ә с і п о р ы н д а р ы н ы ң с ы ́ б а ́ й ́ л а ́ с жемқорлықтың алдын алу және ескерту бойынша міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жаза қолданылатынын айтып берді.

2019 жыл ішінде агенттік департаментінің өкілдері теміржол кәсіпорындарының өкілдерімен бірлесіп тұрақты түрде дөңгелек үстел басында кездесулер өткізді. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күресті нығайту үшін филиал штатына қауіпсіздік

филиалының барлық директорының кеңесшілерін өңірдегі амалыз шара болды, олардың міндеттері - кез келген қылмысты, оның ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарының ескертілуіне бақылауды жүзеге асыру.

Сондай-ақ, Қайрат Әбенұлы қатысушылардың назарына «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу үшін арнайы жұмыс тобы құрылғанын жеткізді. Жұмыс тобының отырыстары айына екі рет «Адал жол» жобалық офисі өкілдерінің қатысуымен құрылады. Сәйкес жұмыс топтары ЖТ бөлімшелерінде «ҚТЖ» Жүк тасымалы» АҚ филиалдарында да құрылады. Жақын арада «Адал жол» жобалық офисімен бірге сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету бойынша локалды актілеріне сараптама, бизнес-процестеріне, қызметтерді электрондық форматына ауыстыруына талдау жүргізілді. 2019 жылға сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу жөніндегі жоспарланған іс-шараларына сәйкес толық көлемде жұмыс жүргізілді.

Филиал директоры В.И. Миронов ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментімен,

Қостанай станциясындағы ЖПБ-мен тығыз жұмыс жүргізілетіні туралы баяндап берді.

Кеңес қорытындысы бойынша жеткізілген ақпаратты назарға алу, теміржол көлігінің бағынысты бөліністерінің барлық басшылары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінен бекітілген іс-шаралар жоспарын іске асыруды қамтамасыз ету арқылы теміржол саласында сыбайлас жемқорлықты жою бойынша жоспарлы жұмыс жүргізу қажеттігі туралы шешім қабылданды. Онда теміржол көлігі жұмыскерлерінің жұмысындағы мүмкін болатын тәуекелдерді болдырмау бойынша шаралар қабылдау және талдау жүргізу, жүк жұмысына, жүктерді тасымалдауға өтінімдер қабылдау мен тасымалдау үшін жүк вагондарын ұсынуға бақылауды күшейту, «Адал жол» жобалық офисімен және көлік бақылау инспекциясымен тығыз ытымақтастықты қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күрес жүргізуді насихаттау үшін кәсіпорын басшыларымен және жұмыскерлерімен профилактикалық әңгімелер өкізу мәселелері қамтылған.

**Қостанай ст.**  
**ЖПБ ІжСКТ**

**Зейнетақы жинағын кім пайдалана алады?**

Электрондық ақпарат құралдарының хабарламаларына қарағанда, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын кімдердің жұмсай алатынын айтты.

"Концептуал, жеткілікті мөлшер шегі бар (10 және 12 миллион теңге — түсіндірме), сосын жеткілікті мөлшерден аса шек мөлшері бар, осыған жеткенде

рұқсат берілсе қолдануға болады", - деді Нұрымбетов ОКҚ баспасөз конференциясында журналистердің сұрағына жауап беру кезінде.

Оның айтуынша, ерлер үшін жеткілікті мөлшер — 10 миллион теңге, ал әйелдер үшін — 12 миллион теңге.

Айта кетейік, егер БЖЗҚ салымшысы 12 миллион теңгеден аса қаражаты болса, мысалы, 13 миллион теңге, онда оған бір миллион теңгені алуына рұқсат беріледі. Ол кезде зейнет жасына

жеткені не жетпегені қаралмайды. Қазақстандықтар зейнетақы жинақтарын емдеуге жұмсай алады.

2019 жылдың қыркүйегінде Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтардың өздерінің зейнетақы жинақтарын пайдалануы туралы мәселені пысықтауды тапсырды. Жинақтарды пайдалану үшін мысал ретінде Президент сол кезде тұрғын үй сатып алуды және білім алуды атады.



## Мерейтойымен құттықтады

Жақында Қостанай станциясындағы ЖПБ қызметкерлері Ішкі істер органдарының зейнеткері отставкадағы майор Медведева Нина Михайловна 75 жылдық мерейтойымен құттықтады.



Нина Михайловна 1944 жылы Қостанай облысы Қарабалық ауданы Бөрлі ауылында дүниеге келген. Ауылдық мектепті бітірген соң, 1969 жылы Свердлов қаласының заң институтына оқуға түскен.

Ішкі істер органдарында 1974 – 1997 жылдар аралығында жұмыс істеген, қызметін кемелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторы лауазымынан бастап, Қостанай станциясындағы ЖПБ кемелетке

толмағандардың істері жөніндегі тобының бастығы лауазымынан зейнеткерлікке шыққан.

Отбасын құрып, екі ұл бала тәрбиеледі, оның біреуі анасының ізін қуып қызмет істеп келеді.

Отбасылы болып, бала тәрбиелеу және милиция жұмысын атқару

оңайға түскен жоқ, дегенмен жұмыстағы қиыншылықтар мен өмірлік ауыртпашылық адамның мінезін қатайтады екен, - деп Нина Михайловна шындығын айтады.

Нина Михайловна өзінің қарамағындағы қызметкерлерін ешқашан жазаламаған, керісінше анасы ретінде тәрбиелеген.

Қызмет атқару жолында 31 марапаттау алған және «Милиция үздігі» белгісімен, «Мінсіз қызметі үшін» 4-дәрежелі медальдарымен марапатталынған.

Барлық полиция қызметкерлеріне денсаулық, бір-біріне көмектесіп, қиын жағдайда қол үшін беріп, әрқашанда өздерін жетілдіріп, барлықтарына түсінікпен қарасын, - деген тілегін білдіреді.

Қазіргі кезде Нина Михайловна зейнеткер болса да, қоғамдық өмірге белсене қатысып отырады.

Мереке күні Қостанай станциясындағы ЖПБ бастылығы және Ардагерлер кеңесі мерейтой иесін құттықтап, естелік сыйлықтарын табыс етті.

Қостанай ст.ЖПБ ІжСКТ

## Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік өзгерді

ҚР Ішкі істер министрлігі былапыт сөйлеу, қорлау, кемсіту және отбасындағы ұрып-соғу үшін өкімшілік жаза түрлері өзгеріске ұшыраған заң нормасын түсіндірді, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Ведомствоның түсіндіруінше, енді «жанжалдар» үшін үш тәулікке емес, бес тәулікке (Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабы) қамауға алынады. Яғни, жауапкершілік күшейтілді. Бұл құқық бұзушылықтың алдын алу және зардап шеккендерді қорғау үшін жасалған. Ал қол жұмсау және денегі зақым келтіргені үшін өкімшілік қамауға алу бұрынғыша өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-1, 73-2 баптарына сәйкес 20 тәулікке дейін қалды.

«Бұл баптардағы айыппұл түрлері ескерту берумен алмастырылды.

Мұндағы логика қарапайым. Бұрын «жанжалқой» отбасылық бюджеттен айыппұл төлейтін. Одан әйелі мен балалары зардап шекті.

Сонымен қатар, ескерту – жазаның баламалы түрі ғана екенін білу маңызды. Егер екінші рет болса, онда ескерту болмайды. Бұл жағдайда 20 тәулікке дейін қамауға алынады. Барлығы нақты істің мән-жайына байланысты», - деп атап өтеді министрліктен.

Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында құқыққа қарсы іс-әрекеттерді (ӨҚБТК 73-бабы) және денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру (ӨҚБТК 73-1-бабы) немесе ұрып-соғу (ӨҚБТК 73-2-бабы) әрекеттерін алғаш рет жасаған адамдарды, егер олар жәбірленушілермен, арыз берушілермен татуласа және келтірілген зиянның орнын толтырса, тек сот қана жауапкершіліктен босатуы мүмкін. Енді осындай фактілер бойынша барлық істі полиция сотқа жібереді.

Егер үнемі ұрып-соғу болса, онда ҚК-нің 110-бабы (азаптау) қолданылады. Аталған баптың бірінші бөлігіне сәйкес 2 жылға дейін, ал екінші бөлігінде 4 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылған.

## Ортақ келісімге қол қойды

Өткен дүйсенбіде Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың төрағалығымен Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстандық салалық денсаулық сақтау қызметкерлерінің кәсіподағы ортақ келісімге қол қойды, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Әлеуметтік әріптестік шеңберінде қызметкерлердің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін, кепілдіктері мен жеңілдіктерін қорғау мақсатында 2020-2022 жылдарға арналған салалық келісім жасалды.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жыл сайын медициналық қызметкерлердің жалақысын көтеретін боламыз. Қазіргі күнде дәрігерлер мен мейібікелердің жалақысын көтеру механизмі өзгеріп келе жатыр. Бұрынғыдай мемлекеттік қаулымен, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің шешімімен тікелей әрбір дәрігердің жалақысын бекіту немесе көтеру жоқ. Қазіргі күнде МӘМС бойынша бүкіл медициналық клиникалардың 60%-ы - жеке меншік клиникалар. Оларға тікелей тапсырма беруге мүмкіндігіміз жоқ. Әрбір медициналық қызметтің тарифін арттырып, келісімшартқа енгізгеннен кейін ары қарай тек кәсіподақтар емес, мемлекеттік емес ұйымдар бақылауға алуы керек», - деді ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов.

Денсаулық сақтау ұйымдары бекітілген келісім аясында қосымша үстеме ақы қосып төлей алады. Келісім жұмыс берушілердің ұжымдық және еңбек шарттарымен айқындалған қызметкерлерге еңбекақы төлеу, жұмыс режимі, демалыс және басқа да әлеуметтік қолдау шаралары бөлігінде қосымша жеңілдіктер мен кепілдіктер беру құқығын шектемейді.

«Кәсіподақ ретінде медицина қызметкерлерінің еңбекақысы бойынша еліміз ЭЫДҰ мемлекеттерімен салыстырғанда айтарлықтай артта қалғанын мойындаймыз, бірақ аталған мәселені шешуде оң серпін бар. Бұл болашаққа деген сенім мен оптимизмді білдіреді», - деді Қазақстандық салалық денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Тәжібай Бақытжан.

Келісім шеңберіндегі ережелер тараптар үшін міндетті болады, денсаулық сақтау ұйымдары ұжымдық шарттарды осы құжат негізінде жасауы тиіс.

inform.kz

inform.kz

Бетті жүргізуші Меірпаш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru

## Медициналық көмек алуда ашықтыққа басымдық беріледі

Қостанай облысы әкімінің орынбасары Марат Жүндібаев Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстағы әлеуметтік бастамалардың іске асырылуы туралы брифинг өткізді. Бұл орайда негізінен медициналық көмек көрсету мәселесінде қандай жаңалықтар бар екендігіне назар аударылды.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау бойынша атқарылатын жұмыстарға жан-жақты тоқталған облыс әкімінің орынбасары міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңының қабылдануы, атаулы әлеуметтік көмектің жаңа форматы тәрізді әлеуметтік саясаттың негізгі жаңашылдықтары мен таныстырды.

Бүгін біз Мемлекет басшысының жаңа әлеуметтік бастамаларын түсіндіруге арналған брифинг өткізіп отырмыз. Ондағы мақсат – халыққа осы бастамалар туралы нақты және түсінікті ақпарат ұсыну. Сіздер сол ақпараттық жұмысты жедел және сапалы жүргізуге көмектеседі деп сенеміз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған әлеуметтік бастамалар денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және білім беру сияқты салаларды қамтиды. 2019 жылдың соңында «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы қабылданғаны мәлім. Нәтижесінде облыс

педагогтары үшін бірқатар әлеуметтік шаралар қарастырылған.

Жаңа жылдан бастап педагогтардың жалақысы 25% өсті. Осы мақсаттар үшін үш жылға 84,5 млрд теңге сомасына республикалық трансферттер бөлінді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша да көрсеткіштеріміз жақсы. Бүгінде Қостанай облысында 730 мың адам шартты түрде сақтандырылған деп есептеледі. Тағы 405,2 мың тұрғын жарна төлемейді, өйткені олар ай сайын мемлекеттен қолдау көрсетілетін азаматтардың санатына кіреді. Олар автоматты түрде «сақтандырылған» мәртебесін алады және медициналық қызметтердің қосымша пакетіне қол жеткізеді, - деді облыс әкімінің орынбасары.

Облыс әкімінің орынбасары кепілді көлем шеңберінде сақтандырылған азаматтарға да алғашқы медициналық көмек, созылмалы және әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу қолжетімді болатындығына тоқталды. Ал мемлекет тарапынан сақтандырылатын жеңілдігі бар азаматтар мына санаттарға жатқызылады: 1) студенттер; 2) балалар; 3) зейнеткерлер, оның ішінде ҰОС қатысушылары мен ҰОС қатысушылары мен мүгедектері; 4) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен немесе бұрын «Батыр ана», I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналар; 5) мүмкіндігі шектеулі жандар; 6)

жұмыссыздар ретінде ресми тіркелген адамдар; 7) жұмыс істемейтін жүкті әйелдер; 8) 3 жасқа толмаған бала тәрбиесімен айналысатын жұмыс істемейтін азаматтар; 9) бала туу немесе жаңа туған сәбиді асырап алуға байланысты немесе баласы 3 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыс алғандар; 10) мүгедек бала күтімімен айналысатын жұмыс істемейтіндер; 11) сот үкімі бойынша қылмыстық-атқару мекемелерінде жазасын өтеп жатқандар; 12) тергеу изоляторларында отырғандар; 13) жұмыс істемейтін оралмандар; 14) балалық шақтан I топ мүгедегі болып табылатын жарымжан тұлғаның күтіміне байланысты үйде отырған жұмыссыздар; 15) мемлекеттен АӘК алатын жұмыссыз азаматтар.

Аталмыш брифингте облыстық жұмыспен қамту үйлестіру басқармасының басшысы Гүлнар Әбенovanьның айтқанындай, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жұмысына қатысты сұрақтарды жауабын 1406 нөміріне хабарласу арқылы алуға болады. «Орталыққа МӘМС-ке қатысты барлық сұрақтар бойынша хабарласуға болады. Ол 24/7 сағат бойы жұмыс істейді. Бұл қоржымының ашықтығымен қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін жасалған дүние. Біз келіп түскен сұрақтарды жеке-жеке қарастырамыз. Егер белгілі бір медициналық мекемеге қатысты шағымдар жиі түссе, қажет жағдайда ол мекемемен жұмыс тоқтатылатын болады», -

## Жұмысты жалғастыру тапсырылды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановты қабылдады, деп хабарлайды Ақорда.

Кездесу барысында жаңа судьяларды іріктеу, конкурс рәсімдерінің ашықтығы мен кадрларды ілгерілету ісін объективті жүргізу мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2019 жылы заңсыз шешім қабылдаған, сот әдебін бұзған, аттестациядан өтпеген

37 судьяның теріс іс-әрекеттері үшін жұмыстан шығарылғаны туралы ақпарат берілді. Бірқатар соттың тәртіптік және қылмыстық жауапкершілікке тартылғаны жайында айтылды.

Жақып Асанов Қазақстан Президентіне сот шешімдерінің сапасын арттыруға бағытталған шаралар жөнінде мәлімет берді.

Кездесу қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы «100 нақты қадам» Ұлт жоспары мен Қазақстан халқына

арналған Жолдауда айтылған міндеттерді орындау жұмыстарын жалғастыруды тапсырды. Президенттің пікірінше, мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы құқықтық дауларды шешу механизмі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу маңызды міндет саналады.

Қасым-Жомарт Тоқаев сот жүйесін реформалау жұмыстарын жалғастыру жөнінде тапсырма берді.

inform.kz